



### **Кітап – рухани жаңғыру құралы**

Мен жақсы оқырманмын

ҚР Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Назарбаев бір сөзінде: «Тәуелсіздікпен бірге біз елдік дәстүр мен мемлекеттік мәдениетті жаңғырттық. Осылайша, төрткүл дүниені ат тұяғымен дүбірлеткен даңқты бабалардың «Мәңгілік ел» мұратын қайта жалғадық» дегенді. Ұлы Дала елінің тұрғыны, осы елдің қамшы ұстаған қызы ретінде Отанымның болашағына алаңдап, руханиятына қандай үлес қоса аламын деген ойменен кеш батырып, таң атырасың. ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының басшы ретінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында атқарылған істер туралы және өзімнің ел азаматы ретіндегі ойымды оқырманмен бөлісуді жөн санадым:

Данышпан Абай атамыздың: «Артық ғылым кітапта, ерінбе оқып көруге» деген сөзі – адамзат өміріндегі кітаптың алар орны мен рөлі турасында айтылған айрықша мәні жоғары сөз. Біздің халық ежелден сөз құдіретін түсінген, сөз құдіретіне иланған халық емес пе! Кітаппен ерте кезімнен, ес білгенімнен бері доспын. Біздің ауыл – Жетісудың оң қанатында болғандықтан, өркениет пен мәдениеттің бесігі болған Алматы шаһарына жақын еді. Бәлкім, содан болар ауылдағы кітап дүкеніне, кітапханаға соңғы шыққан кітаптар баспадан шыққан сәтінде-ақ келетін. Ата-анам оқыған, білгені мен түйгені мол адамдар қатарынан болатын. Әкем мен шешем күндіз түні кітап оқитын. Сол жылдары оқырмандыққа ынта деген күшті еді ғой, шіркін! Ес білген баладан еңкейген қарияға дейін жата-жастана кітап оқитын. Бірақ, сол өткен жылдар белесінде «айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызған» интернет те, бүгінгідей түрі көп әлеуметтік желілер де жоқ еді.

Біздің бала кезімде Қазтуған, Доспамбет, Жиенбет, Шалкиіздей жырауларымыздың алдаспан жырлары туған халқымен қауышып, қазақ әдебиетінің арнасын кеңіткенді. Міне, сол жылдары біз Мұхтар Мағауин, Мырзатай Жолдасбеков, Алма Қыраубаева сынды танымал әдебиетші-ғалымдардың ертедегі әдебиет туралы еңбектерін құныға оқып, тарихи тамыры терең бабаларымыздың мол мұрасымен осылай таныстық. Қазіргі таңда аналық пейіл айтар жасқа келгенімде де, сол Мырза-ағамның жариялаған Күлтегін,

Тоныкөк жырларын қайыра оқып, ер түрктің рухты оятар жырынан қанаттанып, ұлттық намысымды қайрап қоямын. Мен өзімді жақсы оқырман санатына қосамын.

Парасат үйінің тыныс-тіршілігі

Гүлстан бағының бұлбұлдары болған шығыс шайырларының ғазалдарын, асыл сөз қалдырған Қорқыт баба мен Асан Қайғының философиялық ой түйіндерін, хәкім Абайдың ғақлияларын бала күнімнен санама тоқып өстім. Кейін оқу бітіріп, еңбек майданына араласқан кезімде, осы сөз зергерлерінің асыл сөздерін өмірлік ұстанымыма айналдырдым. Менің армандарыма қанат бітіріп, алға жетелеп келе жатқан күш осы – кітаптың құдіреті. Өмірдің қиын сәттерінде демеп, жебеген де осы кітап!

Елбасымыз, сарабал саясаткер Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында еуропаның қақ ортасындағы өркениет бесігі – Франция, Италия, Чехия, Македония, шығыс азиядағы нанотехнологияның отаны болған – Жапония, Қытай, арғы құрлықтағы алпауыт АҚШтың Ұлттық кітапханаларынан «Қазақстан әдебиеті мен мәдениетінің» орталығын ашып, салтанатты шарасын өткізсек, бұл да кітаптың киесі деп ойлаймын. АҚШ-тағы атақты Конгресс кітапханасының сөресіне қазақ тарихының та мыршысы Ілияс Есенберлиннің атақты «Көшпенділер» трилогиясы, ұлы Абай мен Мұқағали, Серік Тұрғынбековтердің өлеңдері, Әкім Тарази, Шерхан Мұртаза, Төлен Әбдіков, Мырзатай Жолдасбеков, Бақытжан Қанапиянов, Роза Мұқановадай қарасөз шеберлерінің кітаптары, Елбасымыздың әр жылдары жазған Тәуелсіздік шежіресі іспетті тағылымды кітаптары қойылды. Бұл – ұлтымыздың әлем алдындағы мерейі. Америка асқан қазақ сөзінің құдіреті – осы!

«Кітап – білім бұлағы». Бұл – көреген қазақтың нақыл сөзі! Осы қасиетті білім бұлағы – қашанда болсын жалпы адамзаттың, күллі әлемнің табынар тәжі болады. Кітап – культі! Міне, біздің ХХІ ғасырдағы жасөскіннің санасына «кітап – культ» деген сөзді берік орнатсақ, ол буынның кітаппен дос болып, кітапқа басын иіп, кітаптан тәлім алатын үлкен жүректі елшіл азамат боларына мүмкіндік береміз. Қазіргі уақыт та дамыған еуропа жұрты да кітапқа басын иіп, кітаппен өмір сүреді. Метро да болсын, автобус та болсын кітап құшақтап, кітап оқып отырған түрлі буынның өкілдерін көресің. Өркениет батыстан келер болса, біздің батыс елдерінен үйренеріміз өте көп. Біздің Ұлттық академиялық кітапханамыздың төртінші қабатында «Кітап – білім бұлағы» демалыс кешені бар. Оқырмандарымыздың тынығып, демалуларына жасалған дүние. Бұл – кітап макетінен жасалған су бұрқақ (фонтан). Кез келген оқырман оның жанына келіп естелік суретке түсіп, демалып, тынығады. Бұндағы мақсатымыз сол – кітаптың беделін көтеру, кітаппен дос болар ұрпақ тәрбиелеу.

Осы қарашаңыраққа басшы болып тағайындалғаннан кейін әлемнің бірқатар беделді кітапханаларында болып, тәжірибе алмастым. Уақыт өте келе сол озық үлгідегі кітапханалардың көзсүйсінткен жобаларын өзімізге ыңғайландырдым. Мәселен, «Шаңырақ» балалардың дүниетанымын дамыту кешені, «Абай» академиялық залы сияқты соңғы үлгіде безендірілген оқу кешендері – ұлттық дәстүрімізге сай жасақталды. Өзге елдің озық кітапханасынан «жылт еткен бір сәуле» көрсек, оған таңқала отырып, соны батыл қадаммен қолданысқа енгіздік. Бұның бәрі – үкіметтің қолдауы мен қамқорлығының арқасында жүзеге асты.

Қазір әлеуметтік желілердің дамыған, дүйім елдің ғаламторды пайдаланған кезі екенін ескеріп, осы желілерге пайдалы ақпарат беру үшін, өзге жұрттың танымдық көзқарасын ояту үшін данышпан бабаларымыздың оймақтай ғана ойларын салып, оқырмандар назарына ұсынамын. Байқап қарасам, бұл – қазіргі заманға икемделген жақсы үрдіс екен. Бұның бір жағы – уақытын босқа өткізіп, жеңіл сөзге әуес жүретін жұртты ізгілікке үндейді. Екіншіден, қалың оқырманға, түрлі әлеуметтік топтағы қолданушыларға дұрыс тәрбие беру болып табылады. Мен – Парасат үйінің басшысымын! Еліміздегі №1 кітапхананың Бас кітапханашысы болғандықтан, әлеуметтік желіге өзім сүйіп оқыған ұлылардың ұлағаттарын салып, өзгелерге дәріптеуімнің мәні – осы.

Бағзы заманнан қалыптасқан үрдіс – ұрпаққа аманат сөз қалдыру. Әр заманның ұрпаққа қояр өз талабы, өз міндеті бар. Ел мәдениетінің, мемлекеттің жүйелі түрде дамуы ұрпақтың уақыт талабына икемделуінсіз жүзеге асқан емес. Ұлттың тарихи санасының қалыптасу негіздерінің өзінде уақыт талабына бейімделу, мәдени ортаны қалыптастыруға деген ұмтылысы жатыр. Бұл – бабалар сөзі! Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның екінші кезеңге жол бастағандағы саяси қадамы – рухани жаңғыруға негізделді. Бұған дейін біздің ел «Қазақстан – 2030» жалпыұлттық бағдарламасын бағамдап, болашаққа жоспар құрды. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» арқылы «Мәдени мұраны» ұлықтады. Ал, рухани жаңғыру – ұлт мұраты. Сөзімізді нақты мысалдармен ашып айтсақ, рухани жаңғыру – кітапхана ісінің өркендеуіне жол ашты. Мәселен, өзге мемлекеттерде ашылып отырған «Қазақстан әдебиеті мен мәдениеті» орталығы, Ұлттық академиялық кітапхананың ішінен ашылған «Рухани жаңғыру», «Латын әліпбиі» залдары сияқты іргелі істерге осы бағдарламаның шарапаты молынан тиді.

Ұлттық академиялық кітапхананың «Бір ел – бір кітап», «Қазақстан әдебиеті мен мәдениеті орталығы» жобалары – кітапханашы мамандардың біліктілігін арттырып, кәсіби тұрғыда шыңдалуына мүмкіндік беріп отыр. Бүгінде біздің кітапханамызда өркениетті ел - дердегідей танымал ғалымдар, ғылыми дәрежесі бар белгілі адамдар еңбек етуде. Ғылыми дәрежесі бар адамдардың кітапханада қызмет етуі – кітапхананың академиялық статусын көтерсе, екінші жағынан, оқырман мен кітапханашының да сұранысына, сауалына өз пікірін білдіруімен құнды, пайдалы болады деп санаймын.

2017 жылы атқарған ең сүбелі еңбегіміз – Құрбанғали Халидидың «Шығыстың бес тарихы» еңбегін оқырман назарына ұсынғанымыз. Жоба жетекшісі әрі қолжазбаны қазақ тіліне аударған профессор Тұрсын Жұртбай, ал қолжазбаның транскрипциясын жасаған Шыңғыс Бегімтаев, Бауыржан Мұстафаев сынды жас ғалымдар болды. Бұл – қазақ тарихына қатысты аса құнды жәдігердің бірегейі.

Рухани жаңғыру – өзінді-өзің тану

Рухани өрлеудің негізі – тарихи мәдениетімізде жатыр. Мінеки, осы тұрғыдан алғанда, бұл мақаланы рухани бағытымызды белгілеген нұсқаулық деп айтуға болады. Сондықтан зиялы қауым осы мақалада қойылған тапсырмаларды орындау үшін жұмыс істеуі қажет. Тәуелсіздік алғанымызға 27 жылдан астам уақыт өтті. Қазір біз әлемдік өркениетке көтерілуді мақсат тұтуымыз керек. Ел - басы дәстүрлі мәдениетпен бірге әлемдік талаптарға сай бәсекеге қабілетті болуды баса айтып отыр. Бәсеке қабілеттілік рухани дәстүрлі мәдениет негізінде келеді. Бізде дәстүрлі мәдениет пен бүгінгі мәдениет арасында байланыс жоқ деген түсінік бар. Шын мәнінде, дәстүрлі мәдениетімізді жаңғырту арқылы, ұлттық кодымызды көтеру арқылы бүгінгі мәдениетті игереміз. Осы тұрғыдан алғанда, бұл құжаттың маңызы өте зор.

Меніңше, кітапхана мәдениеті – ұлттың рухани тамыры. Тарихи мәдениетті бөліп, жаңа мәдениет қабылдауға болмайды. Біздің генімізде, ойлау жүйемізде де тарихи сабақтастық бар. Сондықтан осынау ойлау жүйесін әрі дәстүрлі мәдениет деңгейінде жаңа өркениетке көтеретін жол – осы. Біздің «Рухани жаңғыру» арқылы міндеттеген ісіміз – латын әліпбиін оқыту, насихаттау. Әлемдік өркениетте жаңа технологияны игеруде, жылдамдыққа ілесуде латын әліпбиінің ұлтымызға берері мол. Президенттің бұл бастама - сынан кемеңгерлік, көрегендік саясат аңғарылады.

Кітап – кие. Осыдан бірнеше жыл бұрын «Кітапхана педагогикасы» деп аталатын оқулық жазып, кітап оқу мәдениеті мен культіне кеңінен тоқтап, әлемдік кітап оқу жүйесін, оқырман сұранысы мен талабын зерттеп, зерделеген едім. Содан түйгенім: кітап – ақылшы дос. Академик Ғарифолла Есім айтқандай, кітап – әлем елдерін бір-бірімен жақындастырған елші! Кітап культі дегеніміз – оқырман ұлттың сапасы. Оқырман ұлт – ел тірегі. Кітап культі – кітапхана имиджі екенін әсте ұмытпағанымыз абзал!

Сонымен, жеке тұлғаның рухани жаңғыруы – кітап оқудан басталады. Кітап культі – өзінді-өзің жіті тануыңа жол ашады.

Ұлттық код – «қазақ» жазуы

Жер шарындағы әрбір ұлтты бір-бірінен айрықшалап тұратын жаратылысы, нәсілі, тілі мен діні, ділі болады. Бұл – ұлттық құндылығы. Біздің қазақтың ұлттық коды – оның өткен тарихы мен сан ғасырлық бай әдеби мұрасы. Қазақтың ұлттық коды – сақ, ғұн, үйсін заманнан бергі асыл заты. Қазақтың ұлттық коды – Күлтегіннің жазбасы. Қазақтың ұлттық коды – Тәуелсіздік! Осы Тәуелсіздікті көзіміздің қарашығындай сақтап, аялауымыз керек!

Елбасымыз Тәуелсіздіктің екінші онжылдығында:

«Айымыз оңынан туып, Тәңір тілекті берді. Төрт құбыламыз теңеліп, төбедегі келді. Алаштың айбыны асып, күн сөнгенше азат болды. Қырандай қомданып, тұғырына қайта қонды! Тәуелсіздік тәуменді жұртқа тәуекел берді. Азат еліміз атағы алты құрлыққа жайылған абат елге айналып, жаһандық қауіпсіздіктің алтын белдеуіне баланды.

Біз осылайша тарихта есесі кеткен еңсегей елдің еңсесін тіктедік.

Сөйтіп қазақ деген халықтың абыройын асырып, атын әлемге таныттық», - деген болатын. Аллаға шүкір, кешегі Қазақ хандығының шаңырағын көтерген Керей мен Жәнібек, Қасым мен Абылай, Кенесары да, «Алаш!» деп ұран салған Алаш арыстары да аңсаған азаттық орнады. Қазақтың өз алдына ел болып, түтіні түзу шыққанын көріп, Тәуелсіздік елдің руханиятына өз үлесімізді қосып келеміз!

Біздің, яғни кітапханашылардың «ұлттық код» мәселесін мән-мағынасын ашып, дамытуға қосар үлесі – қазақтың бай мұрасын. Тарихы мен әдебиетін новаторлық жүйеде оқырман игілігіне ұсыну. Ол – әдеби жәдігерлердің электрондық нұсқасын даярлап, заманауи жады қалыптастыру. Болашақ қазақтың коды – жүрегіндегі сөзі болатынына сенемін.

Балаларға базарлық

Сүйіншілеп айтар жағымды жаңалығымыз: жуық күндері біздің кітапханамыздың жанынан республикалық Балалар кітапханасы дербес кітапхана болып ашылып, өз ордасын көтереді. Бұны ел мәдениетінің жаңа кезеңге қадам басқандығының көрсеткіші дейік. Ел болашағы – жас өскін болғандықтан, Елордасынан Балалар кітапханасының ашылуы – жаңа орта, жаңа элита қалыптастыруға көп еңбек сіңіреді.

Кітапханамызға көрнекті дипломат, ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы Қ.Тоқаев арнайы келіп, кітапхананың тынысымен танысқан-ды. Билікте жүрген халықшыл ел ағаларының қолдауымен кітапханамыздың аясы кеңейіп, оқырман мен жаңа заманның талабына сай қызмет етіп келеміз.

Бала – өмір гүлі. Ұрпақ жалғасы. Астана қаласынан республикалық Балалар кітапханасының ашылуы – болашағымызға салынған капитал сияқты. Балалар кітапханасының сөресіне қазақ жазушыларымен әлем әдебиетінің классикалық шығармалары жайғасып, өз орнын табады. Балалар кітапханасының ашылуы – Астана қаласының 20 жылдық мерейтойына зор тарту болғалы отыр. Және де осы кітапхана – балаларға жасалған базарлық емес пе!

Тамсандырған «Қасиетті Қазақстан»

Әрбір қазақстандық азамат еліміздің киелі де, қасиетті жерлерін біліп қана қоймай, оның кереметтілігі мен құдіретін көріп, сезіне білуі тиіс. Елбасының «Туған жер» бағдарламасы арқылы біздің «Кітапханалық туризм» жобасы іске асып, жас кітапханашы мамандарымыз Алматы, Атырау, Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстарындағы киелі жерлерге саяхаттады.

Атақты Кейкі батырдың бас-сүйегін іздестіріп, арнайы ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізген профессор Тұрсын Жұртбай бастаған бір топ кітапханашы Арқалық, Торғай өңіріне барып, хас батырдың рухына тағзым етті. Осының бәрі жинақтап айтқанда, «Қасиетті Қазақстан» географиясымен танысу, ел тарихы мен жер тарихын білу болады деп ойлаймын.

Қаламгер мерейі

Кітапхана – руханият ордасы. Бұл мекеме – оқырмандардың ғана емес, ақын-жазушы, өнер адамдарының шығармашылық үйіне айналды. Біз де күнде жиын, күнде той

екені баршаға аян. Осы күнге дейін қаншама ақын-жазушының шығармашылық кездесу болып өтті. Жақсы үрдіс әлі де жалғасады.

ЭКСПО – 2017 халықаралық мамандандырылған көрме аясында Д. Исабеков, С. Елубай, сынды танымал жазушылармен кездесу ұйымдастырылды. 2017 жылдың 26-27 маусымында «Оқу әлеміндегі оқырман ұлт» халықаралық симпозиумы өтіп, кітап және оқырман мәселесі халықаралық аренада көтерілді.

Қазіргі уақытта қазақ ақын-жазушыларының 6 тілде шығатын поэзия, проза антологиясы даярланып жатыр. Сонымен қатар, көрнекті әдебиет өкілдерінің шығармалары ағылшын тіліне аударылып, насихатталмақшы. Бұл да құзырлы министрліктің қаламгер қауымға көрсеткен құрметі мен мерейі.

Әр қазақтың үйінде ескі қолжазбалар мен кітаптар әлі де болса болуы мүмкін. Ескіліктің қадірін білетін, әр жәдігерді жинақтап, сақтап жүретін көнекөз қариялардың асыл қазыналарын «Сирек кітаптар мен қолжазбалар» орталығына тапсырып, ауыл-ауылдағы жаһұттарды жинауымыз керек. Бұл орталық – бүгіннің емес, болашақтың кәдесіне жарар атамұра болмақ!

Күрмеу

Сөзімізді қорытындылай келе айтарымыз: рухани жаңғырудың сәулесі – тұтас елге кеңінен түсіп отыр. Осындай игілігі мол бағдарламаны барынша пайдаланып, өзімізді-өзіміз толық танып, ұлтымыздың бірлігі мен елдігін бекем етсек, Тәуелсіздігіміз тұғырлы, Отанымыз ғұмырлы болары сөзсіз! Елбасымыздың бұл бағдарламасы арқылы біздің кітапханамыз, еліміздегі кітапхана ісі өркендеп, дамып келеді.

«Тек кітап қана алға жылжуды, адамдық шыңына шығуды үйретеді» деп Елбасымыз Н. Назарбаев атап көрсеткендей, кітап оқу – әлемді тануы, әлемді тану арқылы ұлттық кодымызды қастерлеп, өзімізді жете түсінеміз! Сонымен, кітап әлемі жасай берсін! Кітаппен дос болған, кітаптан тағылым алған ел болайық!

**Ү.Д. МҰҢАЛБАЕВА**

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының басшысы